

**Бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету ережелерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеуін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2010 жылғы 22 шілдедегі № 126 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 16 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6395 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 187 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 30.06.2014 жылғы № 187 бұйрығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012.07.12 № 214 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізілетін бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін түзетуге қатысты ережелерін қоспағанда, 2012.10.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 156-бабының 7-тармағына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету ережелері, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеуі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012.07.12 № 214 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізілетін бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін түзетуге қатысты ережелерін қоспағанда, 2012.10.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Инвестициялық саясат департаменті (Б.К. Тортаев) және Заң департаменті (Д.А. Ешімова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. «Қаржылық-экономикалық негіздеменің мазмұнына, әзірлеу тәртібі мен мерзіміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын



ұлттық холдингтерінің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың, сондай-ақ квазимемлекеттік секторының басқа да субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларының 10 жылға арналған даму стратегиялары мен 5 жылға арналған даму жоспарларын өңдеу мен бекіту бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте бекітілген ұлттық басқарушы компанияларының, ұлттық холдингтердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компаниялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте бекітілген квазимемлекеттік секторының басқа да субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларының 10 жылға арналған даму стратегиялары және 5 жылға арналған даму жоспарлары ;

2) Инвестициялар - заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялар;

3) Инвестицияларды Алушы - жарғылық капиталды ұлғайту немесе қалыптастыру үшін қаражатты түпкілікті алушы болып табылатын, Инвестициялар есебінен іс-шараларды іске асыратын заңды тұлға;

4) компонент - іс-шараның аяқталған сипаты бар құрамдас бөлігі;

5) қаржылық схема - қатысушылар арасындағы бюджеттік ақшаның ағыны;

6) қатысушылар - Инвестицияларды алуға және бөлуге қатысатын ұйымдар;

7) ҚЭН-ді түзету - іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыруға және (немесе) өзгертуге, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайтуға немесе қысқартуға әкеп соғатын, Инвестициялардың белгіленген қаржылық-экономикалық параметрлерінің өзгеруі;

8) маркетингтік орта - Инвестицияларды алушының қызметі жүзеге асырылатын және нысаналы клиенттермен табысты ынтымақтастықтың қатынасын белгілеу және қолдау мүмкіндіктеріне ықпал ететін белсенді ұйымдардың және шарттардың жиынтығы;

9) нәтижелілік - Инвестициялардың экономикалық және қаржы тиімділігінің, сонымен қатар тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі, сондай-ақ тиімділік пен сапа көрсеткіштері болған жағдайда, есептермен расталған дәйектемелердің болуы ;

10) негізділік - әрбір құрамдауыш бөлінісінде іс-шараларды іске асыруға арналған қаржыландыру көлемінің, сондай-ақ іс-шараларды балама көздерден қаржыландырудың мүмкін еместігінің құжатпен және есептермен расталған дәйектемелерінің болуы ;

11) орындылық - Инвестициялардың экономикалық орындылығының, олардың ел экономикасына ықпалының негіздемесі мен стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға сәйкес келуі;

12) өнім - материалдық-заттай (материалдық өнім) немесе материалдық емес (

зияткерлік өнім) нысанында, немесе жұмыстар мен (немесе) қызметтер түрінде, соның ішінде қаржылық, берілген шаруашылық қызметінің нәтижесі;

13) тікелей нәтиже - қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы және/немесе Инвестицияларды Алушының белгілі бір мөлшердегі және сападағы өнімді өндіруі;

14) түпкілікті нәтиже - тікелей нәтижелеріне қол жеткізумен ұштасатын, халықтың өмір сүру деңгейі және (немесе) сапасының, экономиканың, қоғамдық қауіпсіздіктің жай-күйі (жай-күйінің өзгерісі);

15) іс-шара - заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайтуға немесе жарғылық капиталын қалыптастыруға бастама жасайтын бюджеттік бағдарлама әкімшісінің (бұдан әрі – Әкімші) стратегиялық жоспарының жобасында немесе бюджеттік бағдарламада көзделген нәтижелілік өлшемдеріне жетуіне бағытталған және аяқталған түрі бар, ҚЭН шеңберінде орындалатын өзара байланысты іс-қимылдар кешені.

## **2. Инвестициялар ҚЭН-інің мазмұны, әзірлеу немесе түзету тәртібі және мерзімі**

### **1-параграф. Инвестициялардың ҚЭН-ін мазмұнына қойылатын талаптар**

3. ҚЭН-де Инвестициялардың орындылығын қуаттау, сондай-ақ жоспарланған іс-шаралардың негізділік және нәтижелілік өлшемдеріне сәйкестігін растау, ҚЭН іс-шараларының толық инвестициялық кезеңіне келтіріледі.

Егер, бірнеше көздерден қаржыландыруды көзделінетін болса, ҚЭН-де Инвестициялар сомаларының негіздемесін бөліп көрсете отырып, бүкіл іс-шаралардың орындылығы және негізділік пен нәтижелілік өлшемдеріне сәйкестілігі ашылады.

3-1. Егер қаржы-экономикалық негіздеме шеңберінде жоспарланған іс-шаралардың аналогы немесе үлгілік қолданылуы болмаса, қаржы-экономикалық негіздеме іс-шараларының толық инвестициялық кезеңі ескеріле отырып, соның салдарынан жоспарланған іс-шаралардың негізділік пен нәтижелілік критерийлеріне сәйкестігін растау мүмкін болмаса, онда қаржы-экономикалық негіздемені кезең-кезеңмен әзірлеуге рұқсат етіледі.

Бұл ретте, ҚЭН-де жоспарланған іс-шаралардың негізділік пен нәтижелілік критерийлеріне сәйкестігі салалық сараптаманың қорытындысы негізінде

ж а с а л а д ы .

Осы тармақтың талаптары қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу болып табылатын заңды тұлғаларға ғана қатысты қ о л д а н ы л а д ы .

**Ескерту. Ереже 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 11.12.2013 № 369 бұйрығымен.**

4. ҚЭН мынадай құрылымға сәйкес келеді:

- 1) Инвестициялар паспорты;
- 2) «Ретроспектива» бөлімі;
- 3) «Институционалдық» бөлімі;
- 4) «Негізділік» бөлімі;
- 5) «Нәтиже» бөлімі;
- 6) қ о с ы м ш а л а р .

Мақсаттарды, міндеттерді, шешуші көрсеткіштерді, қаржы-шаруашылық қызметі көрсеткіштерді және ұйым туралы басқа да мәліметтерді ашу үшін орынды болған жағдайда ҚЭН басқа-да бөлімдермен, тараулармен, параграфтармен және қосымшалармен толықтырылуы мүмкін.

Егер ҚЭН бөлімдермен, бөлімдер тараулармен, тараулар параграфтармен толықтырылса, әр қосымша ретінде ұсынылған бөлімнің және (немесе) тараудың, және (немесе) параграфтың сәйкес белгілеуі («бөлім», «тарау», «параграф»), сондай-ақ аталуы болуы керек.

5. Инвестициялар паспорты осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес нысанда ұ с ы н ы л а д ы .

6. «Ретроспектива» бөлімі мынадай құрылымға сәйкес болады:

1) «Бюджеттік бағдарламалар» параграфы, онда Инвестициялар бұрын осыларға сәйкес жүзеге асырылған бюджеттік бағдарламалар көрсетіледі, және ол осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес нысанда ұсынылады. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізбеген жағдайда «Ретроспектива» бөлімі жоспарланған нәтижелерге қол жеткізбеу себептері ашылып көрсетілетін «Себептер» параграфымен толықтырылады;

2) «Қатысушылардың қаржы жағдайын талдау» параграфы, онда қатысушылардың қаржы жағдайы, соның ішінде бар талаптар мен міндеттемелердің сомасы және сапасы туралы ақпарат көрсетіледі;

3) «Несие қоржыны» параграфы, егер Инвестицияларды Алушы қаржы ұйымы болса. Параграфта ҚЭН енгізудің алдындағы айдың соңындағы, соңғы үш жыл ішіндегі, жағдайы, қаржыландырудың әрбір көзі (бюджеттік қаражаттар, меншікті қаражаты, үшінші жақтың несиелері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорының қаражаттары) бөлінісінде Инвестицияларды Алушының несие

қоржынының жағдайы туралы тоқсан сайынғы ақпарат келтіріледі;

4) «Макроэкономикалық жағдайды талдау» параграфы, онда ҚЭН іс-шараларды іске асыру көзделінетін макроэкономикалық ортаның (елдің, өңірдің, саланың) талдауы және оның сипаттамасы, ҚЭН іс-шараларын іске асыруы ықпал ететін негізгі макроэкономикалық (өңірлік, салалық) көрсеткіштерді және даму серпінін, кемінде соңғы үш жылдағы, көрсете отырып келтіріледі;

5) «Маркетингтік ортаны талдау» параграфы, онда ҚЭН іс-шаралары іске асырылатын маркетингтік ортаны талдау, ҚЭН іс-шараларды іске асыру ықпал ететін негізгі көрсеткіштерді және, кемінде соңғы үш жылдағы, даму серпінін көрсете отырып келтіріледі.

Маркетингтік ортаны талдау, ақпарат көзін көрсете отырып, Инвестицияларды Алушы әрекет ететін нарықты, сондай-ақ Инвестициялар есебінен өндірілетін өнімді өткізу жоспарланып отырған нарықты талдауды қамтиды, сонымен бірге: есептерді негіздеп, деректерді таңдауды айқындай отырып, нарықтың сыйымдылығы;

Инвестицияларды Алушының нарықтағы үлесі; нарықтың өсу (қысқару) әлеуеті және нарықтың сыйымдылығы өзгерген жағдайда ұйымның өнім үлесі; бәсекелестердің сипаттамасы, нарықтағы бәсекелестердің үлесі; төлем қабілеттілігін қоса алғанда, тұтынушылардың сипаттамасы. Егер тұтынушылар мемлекеттік мекемелер және (немесе) қатысушылар болып табылса, олардың сатылымдағы үлесін көрсете отырып, ол ұйымдарының толық тізбесін көрсету қажет.

7. «Институционалдық» бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

«Қатысушылар туралы ақпарат» тарауы;  
«Стратегиялық алғышарттар» тарауы.

8. «Қатысушылар туралы ақпарат» тарауы осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес нысанда әр қатысушы туралы, сондай-ақ ақша ағындарының сомасы мен бағыттары көрсетілген іс-шараларды іске асырудың қаржылық схемасы туралы ақпаратты қамтиды.

9. «Стратегиялық алғышарттар» тарауы Инвестициялар соларды жүзеге асыруға жоспарланған стратегиялық және бағдарламалық құжаттар (елдегі жағдай және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы, нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйенің құжаттары, бюджеттік бағдарлама) туралы ақпаратты қамтиды.

10. «Негізділік» бөлімінде іс-шараларды іске асыруға арналған Инвестициялар мөлшерінің және балама көздерінен ҚЭН іс-шараларын қаржыландыру мүмкіндігі жоқтығының негіздемесі келтіріледі.

«Негізділік» бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

«Инвестициялар көлемі» тарауы;

«Балама қаржыландыру көздері» тарауы.

11. «Инвестициялар көлемі» тарауында әрбір құрамдауыш бөлінісінде Инвестициялар көлемінің құжатпен және есептермен расталған негіздемесі келтіріледі.

Бұл ретте, егер қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу болып табылатын заңды тұлға іске асыруды жоспарлаған іс-шаралар аяқталмаған сипатқа ие болған жағдайда, осы Іс-шаралардың негізділік критерийіне сәйкестігі салалық сараптаманың қорытындысы негізінде жасалады.

Көрсетілген жағдайда, Инвестициялар көлемінің есепті мен деректі расталуы Салалық сараптаманың қорытындысы болып табылады.

Осы тармақтың талаптары қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу болып табылатын заңды тұлғаларға ғана қатысты қолданылады.

«Инвестициялар көлемі» тарауы келесі параграфтарды қамтиды:

1) «Өнімдер» параграфы, онда Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдердің саны мен сапасының негіздемесі, 6-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген ақпаратты есепке алып, келтіріледі;

2) «Бағалар негіздемесі» параграфы, онда Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдердің бағаларына талдау келтіріледі. Инвестициялар есебінен сатып алынатын өнімдердің бағасы осы Ережелердің 19-тармағының 3) тармақшасында келтірілген құжаттармен бекітіледі.

Осы Ереженің 19-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда Әкімші, ақпарат көзін көрсете отырып, сатып алуға жоспарланып отырған өнімдердің қазіргі нарықтық бағасы туралы ақпаратты қоса береді.

Бағаларды талдау келесіні қамтиды:

соңғы екі жылдағы бағалардың серпіні туралы ақпарат және өзгерістерге әкелуі мүмкін ағымдағы бағалар мен оқиғалардың ықтимал өзгеруі;

бағалардың ықтимал жеңілдігі, жеңілдік беру шарттары (сатып алу көлемі, ақы төлеу шарттары) келтіріледі;

3) «Айналым қаражатын толтыру» параграфы, онда мыналар үшін ақшаға қажеттілігі ашып көрсетіледі, бірақ төмендегі келтірілген тізбемен шектелмейді:

қаржылық өнімдер бөлінісінде клиенттердің болжамды саны, қаржылық

қызметтер көрсетудің орташа сомасы көрсетілген қаржылық қызметтер көрсету;  
пруденциалдық нормативтерді сақтау;

Инвестицияларды Алушының ағымдағы шығыстарын қаржыландыру;

4) «Инвестициялар көлемі» параграфы, онда жоспарланатын Инвестициялардың мөлшерін дәлелдейтін есептер келтіріледі.  
Есептер әрбір іс-шаралар бөлінісінде келтіріледі.

Егер Инвестициялар қаржылық қызмет көрсетуге арналған жағдайда «Инвестициялар көлемі» тарауының міндетті құрылымдық элементтері:  
«Айналым қаражаттарын толықтыру» параграфы;  
«Бюджеттік инвестициялар көлемі» параграфы.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 11.12.2013 № 369 бұйрығымен.**

12. «Балама қаржыландыру көздері» тарауы мынадай параграфтарды қ а м т и д ы :

1) «Меншікті қаражат» параграфы, онда іс-шараларды меншікті қаражат есебінен қаржыландыру мүмкіндігіне талдау жасалады. Талдау сондай-ақ, бұған дейін бөлінген қаражатты заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары арасында қайта бөлу есебінен іс-шараларды қаржыландыру мүмкіндігін қамтиды.

2) «Қарыз алу» параграфы, онда қарыз капиталын тарту мүмкіндігіне талдау жасалады. Талдау келесіні қамтиды, бірақ мұнымен шектелмейді: сыйақы ставкасын, кредит беру мерзімдерін, міндеттемелерді өтеу шарттарын , оның ішінде жеңілдік кезеңін беру мүмкіндігін, заңды тұлғаның қолданыстағы шарттары ковенанттарының талаптарын қамтамасыз ету мен сақтауға қойылатын талаптарды қоса алғанда, кредитті алу шарттарына шолу; тікелей кредит беруді, қаржы лизингін, факторингті, облигациялық қарызды қоса алғанда, кредит беру құралдарына шолу; бюджеттік кредит беру мүмкіндігі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 06.06.2013 № 178 бұйрығымен (алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

13. Осы Ереженің 3-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, «Нәтиже» бөлімінде есептеулермен расталған тура және соңғы нәтижелерді алу мүмкіндігінің негіздемесі, сондай-ақ Инвестициялардың сапасы мен тиімділігінің көрсеткіші болған жағдайда, сондай-ақ Инвестицияларды Алушының қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарланған нәтижелері беріледі.

Осы Ереженің 3-1 тармағында көзделген Іс-шараларды жоспарлаған жағдайда , тура және соңғы есептік нәтижелерді алу мүмкіндігінің есептеу негіздемесі және қаржы моделін келтірумен Инвестициялардың қаржылық тиімділігінің есептеуін ұсыну талап етілмейді.

«Нәтиже» бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

«Өндіріс және сату» тарауы;

«Ресурстар» тарауы;

«Қаржы» тарауы;

«Тәуекелдер» тарауы;

«Қорытындылар» тарауы.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 11.12.2013 № 369 бұйрығымен.**

14. «Өндіріс және сату» тарауында өнімді өндіру және сату жоспары келтіріледі. «Өндіріс және сату» тарауы келесі параграфтарды қамтиды:

1) «Лицензиялар және патенттер» параграфы, онда келесі туралы ақпарат келтіріледі, бірақ төменде келтірілген тізбемен шектелмейді:

қызметтің белгіленген түрлерін іске асыруға арналған лицензияның болуы, лицензияның берілген күні мен нөмірі, кім бергені туралы; кешенді кәсіпкерлік лицензияның болуы, кешенді кәсіпкерлік лицензияның шартын жасасу мәні мен күні, қолданылу мерзімі, кешенді лицензиар туралы;

лицензияны алу қажеттілігі, лицензияны алуға арналған шығыстар; патенттердің және алдын ала патенттердің болуы, қашан және кім бергені, қ о л д а н ы с м е р з і м і ;

2) «Өндіріс жоспары» параграфында төмендегі негіздемелер келтіріледі: нарық жағдайын, жасалған келісімшарттарды, тұтынушылармен алдын ала келісімдерді негізге ала отырып, өндірістік бағдарламаның (өнімдер бөлінісінде);

бекітілген нормаларды негізге ала отырып, өндіріс жоспарын орындауға арналған шығындардың негіздемелері келтіріледі;

3) «Өткізу жоспары» параграфы, онда: сатылатын өнімдердің, соның ішінде Инвестициялар есебінен өндірілгендердің, саны мен сапасының негіздемесі;

негізгі өнімдердің, соның ішінде Инвестициялар есебінен өндірілгендердің, бағаларының негіздемесі, соның ішінде:

бағаларды (тарифтерді) уәкілетті мемлекеттік органдардың бекітуі (белгілеуі) немесе келісуі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары;

кірістілігі: шығыстардың өтемділігі, орта немесе ең жоғарғы кірістілігін алу, нарықтағы конъюнктуралар: жаңа өнімнің жылжуы, қолданыстағы сату көлемдерін сақтау, дәстүрлі нарықтан бәсекелестерді ығыстыру, бос сегментті т о л т ы р у ;

өнімнің құндылығы: жаңалығы, сапасы, сатудан кейінгі кепілдіктер.

Нарық жағдайын, жасалған келісімшарттарды, тұтынушылармен алдын ала келісімдерді негізге ала отырып, өткізу бағдарламасының (өнімдер бөлінісінде) н е г і з д е м е с і ;

жаңа сатып алушыларды тарту мақсатында жоспарланған іс-шаралар ( жарнама, бағалық саясат, сатып алудан кейінгі қызмет көрсету).

Егер Инвестициялар Алушының қызметі франшиза туралы шарт немесе лицензиялық шарт негізінде жүзеге асырылса, франшиза немесе лицензия сатушысының құқықтары және Инвестициялар Алушының бағасына және бағалау саясатына арналған зияткерлік меншігіне ықпал ету дәрежесі туралы а қ п а р а т к е л т і р і л е д і .

15. «Ресурстар» тарауында өндіріс жоспары мен өткізу жоспарын орындау үшін қажетті ресурстардың барлық түрлеріне сұраныстың негіздемелері келтіріледі. «Ресурстар» тарауында мына параграфтар болуы керек:

1) «Нормалар» параграфы, онда шикізат пен материалдар, жылу және электр энергиясы, еңбек, ақша шығындарының нормалары келтірілген, оның ішінде қашан және кіммен бекітілгені туралы ақпарат келтіріледі;

2) «Лимиттер» параграфы, онда әкімшілік шығыстары бойынша лимиттер көлемі туралы ақпарат келтіріледі: лимиттер көлемі, соның ішінде қашан және кіммен бекітілгені туралы ақпарат келтіріледі;

3) «Персонал» параграфы, онда мыналар туралы ақпарат келтіріледі, бірақ төмендегі тізбемен шектелмейді:

Инвестициялармен байланысты персоналдың штат санын ұлғайту (қысқарту) б о й ы н ш а ж о с п а р л а р ;

персоналдың біліктілік деңгейін жоғарылату (қайта даярлау) бойынша жоспарланған іс-шаралар және оның біліктілік деңгейін (қайта дайындауын) жоғарылатумен байланысты шығындар;

4) «Негізгі құралдар» параграфында мыналар туралы ақпарат ( Инвестицияларды ескере отырып) келтіріледі:

негізгі құралдардың құрылымы (ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жабдықтар, көлік, компьютерлер және ақпаратты өңдеуге арналған жабдық және негізгі құралдар), соның ішінде меншігіндегі, қаржылық жалға алуда (лизингте), операциялық жалдағы негізгі құралдар туралы ақпаратты ашу; қызметті жүзеге асыруға арналған негізгі құралдар санының, өнімділігінің және техникалық жағдайының сәйкестігі туралы;

5) «Қорлар» параграфында мыналар туралы ақпарат келтіріледі: қорлардың негізгі түрлеріне сұраныс (өлшемнің заттай бірлігінде); қорлардың негізгі түрлеріне арналған бағалар; қорларды сатып алуға жоспарланған шығындар;

б) «Коммуналдық қызметтер» параграфында мыналар туралы ақпарат к е л т і р і л е д і :

жылу және электр энергиясына, сумен жабдықтау және кәрізге сұраныс; жылу және электр энергиясының, сумен жабдықтау және кәріз бағасы;

жылу және электр энергиясын, сумен жабдықтау және кәрізді сатып алуға арналған жоспарланатын шығыстар;

7) «Ақша» параграфында мыналар туралы ақпарат келтіріледі: борышкерлердің сипаттамасы; берешекті талап ету бойынша өткізілетін іс-шаралар;

кредиторлар; берешекті өтеу бойынша жүргізілетін іс-шаралар; ақшалай емес операциялар: мәмілелер көлемдері және қарсы агенттер; ақшаға қажеттілік, кассалық ажырау, ақшаны тарту бойынша іс-шаралар; уақытша бос ақшаларды пайдалану жөніндегі жоспарлар: салымға орналастыру, қаржы активтерін сатып алу, кредиттер беру (уақытша қаржылық көмек көрсету), сомалар, табыстылығы, орналастыру мерзімдері.

Ақшаны тартумен байланысты іс-шаралар бойынша ақпаратты ашу кезінде алынған көздері көрсетіледі, оның ішінде: акцияларды орналастыру (қатысу үлесі) - шығару және орналастыру көлемі, орналастырудың жоспарланған бағасы;

облигациялар шығару - шығару көлемі, шығарудағы облигациялар саны, оларды шығарудың, орналастырудың, қолданудың, сыйақы төлеудің, өтеудің рәсімі мен тәртібі және басқа да елеулі ақпарат; несиелер тарту – несие берушілер, несие көлемі, тарту мерзімі, сыйақы төлеу пайызы, сыйақы төлеу шарттары, қарыздың негізгі сомасын өтеу шарттары.

16. «Қаржы» тарауында кірістер, шығыстар бойынша жоспарлар, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ақпарат, дивидендтер туралы ақпарат келтіріледі. «Қаржы» тарауы мынадай параграфтардан тұрады:

1) «Кірістер» параграфы, онда мынадай негіздемелер келтіріледі: өнімдерді өткізуден жоспарланатын кірістер негіздемесі, оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір өнім бойынша жүзеге асырылады);

қаржыландыру бойынша жоспарланатын кірістер; дивидендтер бойынша кірістер (ақпарат үлестік құнды қағаздары Инвестициялар Алушының меншігіне жататын әрбір ұйым бойынша жеке беріледі);

активтердің шығуынан алынатын жоспарланатын кірістер; мемлекеттік бюджеттен жоспарланатын субсидиялар; операциялық жалға алудан жоспарланатын кірістер; үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар бойынша жоспарланатын кірістер;

өзге де жоспарланатын кірістер негіздемесі.

Мемлекеттік тапсырманы, мемлекеттік тапсырысты орындау шегінде не мемлекеттік мекемелердің өнімдерді сатудан алынатын кірістер туралы ақпарат

ж е к е

а ш ы л а д ы ;

2) «Шығыстар» параграфы, онда мынадай негіздемелер келтіріледі:  
өткізілетін өнімнің өзіндік құнының негіздемесі, оның ішінде оның өсу  
немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әр өнім бойынша жүзеге асырылады);

өнімді өткізу бойынша жоспарланған шығыстар негіздемесі, оның ішінде  
олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша  
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ) ;

жоспарланатын әкімшілік шығыстар негіздемесі, оның ішінде олардың өсу  
және азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ бойынша жүзеге  
а с ы р ы л а д ы ) ;

маркетинг пен жарнама бойынша жоспарланатын шығыстар негіздемесі,  
оның ішінде олардың өсу немесе азаю негіздемесі (ақпаратты ашу әрбір кіші топ  
б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ) ;

сыйақылар бойынша жоспарланатын шығыстар;  
активтерді істен шығаруға байланысты шығыстар;  
операциялық жалдауға байланысты шығыстар;  
үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар жөніндегі шығыстар;  
қызметтің тоқтатылуына байланысты жоспарланатын шығыстар;  
басқа жоспарланатын шығыстар негіздемесі;

3) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» параграфы,  
онда салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдердің әр түрі бойынша  
жоспарланатын төлемдер негіздемесі, соның ішінде салық салу базасының  
н е г і з д е м е с і к е л т і р і л е д і ;

4) «Дивидендтер» параграфы, онда акцияға дивидендтерді жоспарлы есептеу  
(қатысу үлесі), дивидендтерді есептеудің жалпы сомасы, оның ішінде  
акциялардың мемлекеттік пакетіне (қатысу үлесі), бюджетке аудару үшін  
мемлекеттік кәсіпорын жоспарлайтын таза кіріс сомасы келтіріледі.

17. «Тәуекелдер» тарауында іс-шараларды орындауға және тұтастай алғанда  
Инвестициялар Алушының қызметіне байланысты тәуекелдерді бағалау (   
жағымсыз оқиғаның болу мүмкіндігін анықтау) және өлшеу (жағымсыз оқиғаның  
болуынан келетін зиян), сондай-ақ осы тәуекелдердің басталу ықтималдығын  
және оларды іске асырудан болатын ықтимал залалды азайту жолдары  
келтірілген. «Тәуекелдер» тарауы мынадай параграфтардан тұрады:

1) «Операциялық тәуекелдер» параграфы, онда мыналар талданады, бірақ  
төменде келтірілген тізбемен шектелмейді:

персонал: Инвестициялар Алушының негізгі менеджерлері мен мамандарын  
жоғалту, қызметкерлерінің жетімсіз біліктілігі, қызметкерлердің алаяқтығы;

өндіріс: техникалық істен шығу қаупі, жабдықтардың сынуы, технологиялық  
п р о ц е с т і ң б ұ з ы л у ы ;

бизнес-процестер: ұйымдастырушылық құрылымдардың Инвестициялар Алушының міндеттері мен қызметінің көлеміне тепе-теңдігі, бизнес-процестерінің тиімсіздігі, Инвестициялар Алушының бизнес-процестерінің келіспеушілігі;

2) «Қаржылық тәуекел» параграфында мыналар талданады, бірақ төменде келтірілген тізбемен шектелмейді:

төлем қабілетін жоғалту: Инвестициялар алушының міндеттерін, оның ішінде қаржылық, олардың мерзімінің басталуына қарай уақтылы орындау үшін ақшаның болмауы немесе жеткіліксіздігі;

өтімділігінің жоғалуы: активтерді, олардың құнының елеулі төмендеуінсіз, жедел жүзеге асырудың жетіспеушілігі немесе мүмкін еместігі;

3) «Нарықтық тәуекелдер» параграфы, онда мыналар талданады, бірақ төменде келтірілген тізбемен шектелмейді:

пайыздық тәуекел: тартылған ресурстар бойынша пайыздық шығындардың ұ л ғ а ю ы ;

инфляциялық тәуекел: инфляциялық процестер нәтижесінде активтер мен кірістердің құ н с ы з д а н у ы ;

валюталық тәуекел: шетел валютасының ұлттық валютаға қатысы бойынша ауыстырудың нарықтық курсының өзгеруі;

4) «Кредиттік тәуекел» параграфы, онда тұтынушылардың (борышкерлердің) төлем қабілетін жоғалту мүмкіндігі және шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттерін орындаудың мүмкін еместігі талданады;

5) «Маркетингтік тәуекелдер» параграфында мыналар талданады, алайда төменде келтірілген тізбемен шектелмейді:

саланың даму серпінінің нашарлауы;

өнім сапасына тұтынушылар талабының жоғарылауы;

өнім сұранысының қысқаруы;

бәсекелестер ұстанымының күшеюі;

өнімге арналған нарықтық бағаның төмендеуі;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер.

18. «Қорытындылар» тарауында ҚЭН іс-шараларды іске асырудың саланың, мемлекет экономикасының дамуына ықпалы ашылады. «Қорытындылар» тарауы келесі параграфтарды қамтиды:

1) «Тікелей нәтижелер» параграфы, онда ҚЭН іс-шаралардың жоспарланған тікелей нәтижелерінің есептермен расталған негіздемелері келтіріледі;

2) «Түпкілікті нәтижелер» параграфы, онда келесі келтіріледі: ҚЭН іс-шаралардың жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің есептермен расталған негіздемесі;

ҚЭН іс-шаралары іске асырылған жағдайда саладағы және Қазақстан

Республикасындағы (өңірдегі) әлеуметтік-экономикалық жағдайдың даму перспективаларын талдау, және олардың мыналарға әсері: негізгі әлеуметтік көрсеткіштер (халықтың табыс деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, жұмыспен қамтылу); негізгі салалық (өңірлік) көрсеткіштер (өнім (тауарлар/қызметтер) өндіру көлемі, жалпы ішкі өнім құрылымындағы саланың (өңірдің) үлесі, салаға (өңірге) жасалған инвестициялардың көлемі және олардың жоспарланатын мерзімдегі үрдістері).

Нәтижелер, салдар мен әсер етулер, көбейтілген пайда мен шығындар, тұтынушының қосымша пайдасын, қалпына келмейтін шығындар, сыртқы әсерлер, халықаралық әсерлер, жобаны іске асырудан түсетін жанама пайданың талдауын қамтитын ҚЭН іс-шараларын іске асыруының пайда мен шығындарын талдауы;

ҚЭН іс-шараларын іске асыруының шектес салалардың (көршілес өңірлердің) дамуына әсерін тигізу;

ҚЭН іс-шараларының Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетінің өсуіне және импортты алмастыруға, инновациялардың дамуына (бар болса) әсерін тигізу;

3) «Бюджеттік тиімділік» параграфы, онда ҚЭН іс-шараларын іске асыру нәтижелерінің тиісті бюджеттердің табыстары мен шығыстарына әсер етуінің есептері.

Бюджеттік тиімділікті бағалау кезде ақшалай қаражаттың құйылуында мыналар есепке алынады, бірақ мұнымен шектелмейді:

Инвестицияларды іске асыруына байланысты шығарылған (қалыптастырылған) мемлекет меншігіндегі акциялар (қатысу үлестері) бойынша дивидендтер;

республикалық және жергілікті бюджеттерге кірістер (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ басқа да төлемдер).

Бюджеттік тиімділікті бағалауда ақшалай қаражаттың жылыстауында мыналар есепке алынады, бірақ мұнымен шектелмейді: Инвестициялардың көлемі;

ҚЭН іс-шараларын іске асыруына байланысты бюджеттің Инвестициялардан кейінгі кезеңдегі шығыстары;

белгілі бір бағалық саясатты өткізуге және әлеуметтік басымдықтарды ұстануды қамтамасыз етуге байланысты субсидиялар.

Егер тиімділік пен сапа көрсеткіштері жоспарланатын болса, «Қорытындылар» тарауы тиісті көрсеткіштердің есептерімен расталған негіздеме келтірілген «Тиімділік» және «Сапа» параграфтарымен толықтырылады.

19. Қосымшалар төменде берілген құжаттармен жиынтықталады:

1) «Ретроспектива» бөліміне:

ҚЭН орталық және жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізілген жылға дейінгі соңғы үш жылдың мөр басылған және бірінші басшы мен бас бухгалтердің қолы қойылған қатысушылардың қаржылық есебі (жеке және шоғырландырылған), сондай-ақ қаржылық есепке түсініктеме жазба;

Қазақстан Республикасының аудит қызметі заңнамасына сәйкес қаржылық есеп аудиті міндетті болып табылатын қатысушылармен, соңғы үш жылда жасалған аудитті қаржылық есебі және аудиттік есептері тапсырылады. Оған қоса қолданыстағы заңнамаға сәйкес әділ себептер бар болған жағдайда қатысушы соңғы жылдың аудиттен өтпеген қаржылық есебін ұсынуға құқылы.

Қаржылық есеп қолданыстағы заңнамаға сәйкес тапсырылады, сонымен қатар басқа ұйымдарда қаржылық қатысуы туралы, баланс қаржысында 10 % және одан көп үлес алатын баланс баптары бойынша егжей-тегжейлі түсініктемесі қосылған болуы керек.

2) «Институционалдық» бөліміне:

соған сәйкес қатысушылар құрылған немесе құрылып жатқан құжаттардың көшірмесі;

Инвестицияларды Алушының жарғысының көшірмесі (бар болса); қатысушылардың стратегиялық даму құжаттарының көшірмелері, олардың бекітілуін растайтын құжаттарымен қоса;

егер Инвестицияларды жарғылық капиталын қалыптастыру арқылы іске асыру жоспарланса, Инвестицияларды Алушыны құруға арналған монополияға қарсы органның алдын ала келісімінің көшірмесі «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес.

3) «Негізділік» бөліміне:

«Сатып алынатын (құрылатын) активтердің құны мен сипаттамасы» осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

осы Ереженің 11-тармағының 2) тармақшасында келтірілген ақпаратты растайтын, кемінде екі баламалы өнім берушіден түскен прайс-парақтардың, баға және коммерциялық ұсыныстардың, бағалау актілері мен басқа да құжаттардың көшірмелері.

Егер Инвестицияларды Алушы қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу болып табылатын заңды тұлға болып табылатын жағдайларды қоспағанда, жаңа объектілерді құруға (салуға) немесе қазіргі объектілерді қайта жаңғыртуға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сараптамасы, экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың қорытындысы, жер құқығын беру туралы жерге орналастыру жобасы (қажет болған жағдайда жер телімдері иелері мен жерді

пайдаланушылардың залалдарының, алынатын алқаптардың түрлеріне байланысты ауылшаруашылық және орманшаруашылық өндіріс шығындарының есептеулері қоса беріледі), техникалық шарттар, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздеме немесе жобалау-сметалық құжаттама ұ с ы н ы л а д ы .

Ақпараттық жүйені құруға, енгізуге және дамытуға бағытталған Инвестицияларды жүзеге асырған кезде ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның қорытындысы, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздеме ұ с ы н ы л а д ы .

Егер Инвестицияларды Алушы қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандырылған көрме ұйымдастыру және өткізу болып табылатын заңды тұлға болып табылатын жағдайларды қоспағанда, инновациялық және (немесе) ғарыштық қызметті болжайтын іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған Инвестицияларды іске асырған кезде мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындысы ұсынылады;

сәйкесті мемлекеттік уәкілетті органның салалық сараптамасы, егер Инвестициялар соның қызмет саласына тисе.

Салалық сараптаманың қорытындысы келесіні қамтиды:  
салада бар жағдайды талдауды бағалау;

ҚЭН-да көрсетілген іс-шаралар іске асырылмаған жағдайда саладағы жағдайды талдауды бағалау;

сандық және сапалық көрсеткіштерді келтіре отырып және төменде тізімделгендерді көрсете отырып ҚЭН іс-шараларын іске асыруының сала дамуына әсерін бағалау;

ҚЭН іс-шараларының сала экономикасының құрылымындағы рөлі мен орны;

ҚЭН іс-шараларын іске асыруының орналасатын жерін таңдаудың және а у қ ы м ы н ы ң негіздемесі;

ҚЭН іс-шараларын іске асыруының мүмкіндігі;

ҚЭН іс-шаралары бойынша техникалық шешімдер жеткілікті болуы және олардың тиімділігін бағалау;

ҚЭН іс-шараларының халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалау, оңтайлы жаңа технологияларды қолдану;

ҚЭН іс-шараларының мақсаттарына қол жеткізудің баламалы нұсқаларын б а ғ а л а у ;

4) «Нәтиже» бөліміне:

«Өндіріс бағдарламасы» осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес нысанда;

«Өткізу бағдарламасы» осы Ережелердің 6-қосымшасына сәйкес нысанда;

«Қаржы моделі» осы Ережелердің 7-қосымшасы бойынша;

«Инвестициялар нәтижелері» осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес

н ы с а н д а ;

«ҚЭН іс-шараларының бюджеттік тиімділігі» осы Ережелердің 9-қосымшасына сәйкес нысанда;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 20 тамыздағы № 422 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылдың 7 қыркүйегінде № 6452 болып тіркелген) бекітілген нысаналарға сәйкес құрастырылған Инвестицияларды Алушының қаржылық көрсеткіштерінің болжамы, Инвестицияларды есептемегенде:

«Бухгалтерлік баланс»;

«Кірістер мен шығындар туралы есеп»;

«Ақша қаражатының қимылы туралы есеп (тікелей тәсіл)»;

«Ақша қаражатының қимылы туралы есеп (жанама тәсіл)».

Осы Ереженің 3-1-тармағында көзделген іс-шараларды жоспарлаған жағдайда, Ереженің 19-тармағының, 8-қосымшаны қоспағанда, осы тармақшасында тізбеленген қосымшаларды ұсыну талап етілмейді.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 11.12.2013 № 369 бұйрығымен.**

20. Қажет болған жағдайда бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасын жүзеге асыруға белгіленген тиісті заңды тұлғалар жүргізілген сараптамаларда және/немесе тәуелсіз сараптамада, сондай-ақ ұсынылған құжаттамада қамтылмаған немесе толығынан қамтылмаған мәселелер бойынша қосымша ақпаратты талап етуге және (немесе) қосымша сараптамалар жүргізуге қ ұ қ ы л ы .

Қосымша ақпаратқа мыналар жатады мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, қатысушылардың ҚЭН-ді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдарға енгізудің алдындағы айдың соңғы күніне қаржылық есептілігі, сондай-ақ қаржылық есептілікке түсіндірме жазбалар.

Қосымша сараптамаларға мыналар жатады:

банктік сараптама;

экологиялық сараптама;

мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама;

санитарлық-эпидемиологиялық сараптама;

іс-шаралардың ерекшеліктеріне сәйкес уәкілетті органдардың басқа да қ о р ы т ы н д ы л а р ы .

21. Егер Инвестициялар еншілес, тәуелді немесе аффилирленген ұйымдары болып табылмаса Инвестицияларды Алушының қаржылық капиталын қалыптастыру үшін жоспарланса «Ретроспектива» бөлімінде «Бюджеттік бағдарлама» және «Қатысушылардың қаржы жағдайын талдау» параграфтарының болуы тиісті емес.

22. Егер Инвестициялар Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар бойынша заңнамасында белгіленген жарғылық капиталының мөлшері ең аз акционерлік қоғамның ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы немесе жарғылық капиталы жиырма бес мың еселік айлық есептік көрсеткіші мөлшеріндегі жауапкершілігі шектеулі серіктестік не болмаса шаруашылық ету құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға жұмсалған жағдайда мыналар ҚЭН-нің міндетті құрылымдық элементтері болып табылады:

Инвестициялар төлқұжаты;

«Ретроспектива» бөлімі. Инвестициялар еншілес, тәуелді және/немесе аффилиирленген ұйым болып табылмайтын Инвестициялар Алушының жарғылық капиталын қалыптастыру үшін жоспарланған жағдайда «Ретроспектива» бөлімінде «Бюджеттік бағдарлама» және «Қатысушылардың қаржы жағдайын талдау» параграфтарының болуы тиісті емес;

«Институционалдық» бөлімі;

«Негіздеме» бөлімі, соның ішінде:

«Инвестициялар көлемі» тарауы «Инвестициялар көлемі» және «Айналым қаражатын толтыру» параграфтарды қамтиды;

«Баламалы қаржыландыру көздері» тарауы, егер Инвестицияларды Алушы еншілес және/немесе аффилиирленген ұйым болып табылса;

«Нәтиже» бөлімі;

егер Инвестицияларды Алушы еншілес, тәуелді және/немесе аффилиирленген ұйым болып табылса, 19-тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ҚЭН - ге қосымшалар;

сәйкесті мемлекеттік уәкілетті органның салалық сараптамасы, егер Инвестициялар соның қызмет саласына тисе;

«Өндіріс бағдарламасы» осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес нысанда;

«Іске асыру бағдарламасы» осы Ережелердің 6-қосымшасына сәйкес нысанда;

«Қаржы моделі» осы Ережелердің 7-қосымшасы бойынша;

«Инвестициялар нәтижелері» осы Ережелердің 8-қосымшасына сәйкес нысанда;

«ҚЭН іс-шараларының бюджеттік тиімділігі» осы Ережелердің 9-қосымшасына сәйкес нысанда.

23. Егер ҚЭН Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленген жарғылық капиталының ең аз мөлшерінен асатын акционерлік қоғамның жарғылық капиталын, немесе жарғылық капиталы жиырма бес мың еселік айлық есептік көрсеткіші мөлшерінен асатын жауапкершілігі шектеулі серіктестік не болмаса шаруашылық ету құқығындағы

мемлекеттік кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастыруға ұсынылатын болса, ҚЭН осы Ережелердегі белгіленген жалпы тәртіпке сәйкес әзірленеді.

## **2-параграф. Инвестициялардың ҚЭН әзірлеу немесе түзету тәртібі және мерзімі**

24. ҚЭН-ді әзірлеуді стратегиялық жоспарының жобасын әзірлеу кезеңінде, сондай-ақ өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізгенде, Әкімші жүзеге асырылады.

Егер Әкімші стратегиялық жоспарды әзірлемесе, ҚЭН-ді әзірлеу бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу кезеңінде, сондай-ақ оларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізгенде, жүзеге асырылады.

ҚЭН Әкімшінің стратегиялық жоспарының жобасында немесе бюджеттік бағдарламасында көзделген нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды қаржылық қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді.

25. Осы Ереженің 34 және 35-тармақтарында айтылған ҚЭН, сондай-ақ қосымша материалдарды Әкімшілер титулдық бланкіде бірінші басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның немесе бірінші басшының орынбасарының немесе жауапты хатшының қолы қойылған жеке ілеспе хатпен, сондай-ақ электрондық көшірмесін қоса тіркей отырып ұсынады.

Ілеспе хатта ҚЭН-нің атауы, мәлімделетін сома және Инвестициялардың жүзеге асырылу жылы, қоса берілген құжаттар тізбесі көрсетіледі.

ҚЭН-нің, сондай-ақ қосымша материалдар, оның ішінде теріске шығарулар, қосымша дәлелдемелердің немесе ҚЭН-ге өзгерістер енгізу туралы ақпараттың әрбір парағына ҚЭН-ді әзірлеуге жауапты Әкімшінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының (бұдан әрі – Қор) еншілес және тәуелді ұйымдары әзірлеген ҚЭН мен техникалық-экономикалық негіздемені мақұлдауды бюджеттік кредит беру бағдарламаларын, бюджеттік инвестициялар бағдарламаларын жоспарлау мен іске асыру, сондай-ақ оларды түзету кезінде Қор Басқармасы жанындағы тиісті Комитет жүзеге асырады. Уәкілетті мемлекеттік органға жолданатын қаржы-экономикалық және техникалық-экономикалық негіздемелердің әрбір парағына осы бағытқа жауапты Қордың басқарма мүшесі, ал оларға қосымша өзге материалдарға – осы бағытқа жауапты Қордың құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 26.07.2013 № 227 бұйрығымен (алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

26. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы

бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін түзету мына жағдайда жүргізіледі:

1) мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыру және/немесе өзгертуге, бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайту немесе қысқартуға әкеп соғатын, белгіленген қаржылық-экономикалық параметрлер өзгергенде;

2) егер заңды тұлғалардың және/немесе олардың аффилиирленген тұлғаларының мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ іс-шаралары өзгеруіне байланысты аффилиирленген тұлғалар мен заңды тұлғалар арасында бұған дейін бөлінген қаражаттарды, бюджеттік инвестицияларды іске асыру қорытындылары бойынша босатылған қаражаттарды (үнемдеу), қайта бөлу талап етілсе.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін түзету Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қажетті сараптамаларды кейіннен жүргізе отырып жүргізіледі.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 06.06.2013 № 178 бұйрығымен (алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

26-1. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 156-бабының 4-3-тармағына сәйкес бюджеттік заңнамада белгіленген рәсімдерді сақтамай бөлінген заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды түзету бойынша қаржы-экономикалық негіздемені әзірлеген жағдайда, экономикалық сараптаманы жүргізу үшін осы Ереженің 27-тармағының 2) тармақшасының үшінші, бесінші абзацтарында және 3) тармақшасының бесінші, жетінші абзацтарында көрсетілген құжаттамаларды ұсыну талап етілмейді.

**Ескерту. 2-параграф 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 06.06.2013 № 178 бұйрығымен (алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі)**

27. Бюджеттік комиссияның қарауына ҚЭН түзету мәселерін шығару тәртібі былайша жүзеге асырылады:

1) түзетілген ҚЭН-ді қарауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган осы Ережеде және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырады;

2) іс-шараларды, техникалық-технологиялық шешімдерді толықтыру және (немесе) өзгерту себебі бойынша ҚЭН түзетілген жағдайда, Әкімші мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мынадай құжаттарды: мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған

салыстырмалы кестелері қоса берілген, ҚЭН бойынша іс-шараларға, техникалық-технологиялық шешімдерге болжанған толықтырулар және (немесе) өзгертулер көрсетілген, мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе оны ауыстыратын тұлғаның, немесе бірінші басшының орынбасарының - Әкімшінің қолы қойылған өтінім-хатты;

ҚЭН-нің бастапқы параметрлері қоса берілген, оң экономикалық қорытынды алған ҚЭН-ді бекіту туралы Әкімші бұйрығының көшірмесін (бар болса);

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 156-бабында белгіленген рәсімдер сақталмай, тиісті бюджетте бекітілген жобаларды қоспағанда, бұрын ұсынылған ҚЭН-ге берілген мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесін;

бұрын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы алынған сараптамалар қорытындылары және ҚЭН-ді;

түзетілген ҚЭН-ің электронды нұсқасын ұсына отырып, түзетілген ҚЭН түпнұсқасы мен осы Ереженің 19-тармағына сәйкес құжаттарды;

қажет болған кезде осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады .

3) бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстарды ұлғайту немесе қысқарту себебі бойынша ҚЭН түзетілген жағдайда, Әкімші тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған, салыстырмалы кестелері қоса берілген, ҚЭН бойынша іс-шараларға, техникалық-технологиялық шешімдерге болжанған толықтырулар және (немесе) өзгертулер көрсетілген, мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе оны ауыстыратын тұлғаның, немесе бірінші басшының орынбасарының - Әкімшінің қолы қойылған өтінім-хатты ұсынады .

Бекітілген іс-шараларға көзделген шығыстар ұлғайтылған жағдайда: қымбаттауға әкелетін мән-жай және себептерді егжей-тегжейлі көрсетуді; бастапқы ҚЭН параметрлерін қоса, оң экономикалық қорытынды алынған ҚЭН-ді бекіту туралы Әкімші бұйрығының көшірмесін (бар болса);

кейінге қалдыру шартымен бюджетке енгізілген жобаларды қоспағанда, бұрын ұсынылған ҚЭН-ге берілген тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмесін;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысын алған кезде бұрын қаралған сараптамалар қорытындылары мен құжаттарды ;

түзетілген ҚЭН-ің электронды нұсқасын ұсына отырып, түзетілген ҚЭН түпнұсқасы және осы Ереженің 19-тармағына сәйкес құжаттарды; қажет болған кезде осы Ереженің 20-тармағында көрсетілген құжаттарды;

бюджет қаражатының нысаналы пайдаланылуы, сондай-ақ бұзушылықтардың болмауы туралы Үкімет уәкілеттік берген ішкі қаржылық бақылау органының актісін қоса алғанда, түсіндірме жазба қоса беріледі.

Үкімет уәкілеттік берген ішкі қаржылық бақылау органының актісі Инвестицияларды іске асыру шеңберінде бөлінген барлық бюджет қаражатын қ а м т у ы т и і с .

Үкімет уәкілеттік берген ішкі қаржылық бақылау органының актісіне қол қою мiрзiмiнiң ескiруi құжаттарды тиiстi мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi уәкiлеттiк органға ұсынылған күннен бастап 6 айдан кеш болмауы тиiс.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 26.07.2013 № 227 бұйрығымен (алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

28. Түзетілген ҚЭН-нің құрылымы және мазмұны, ҚЭН-нің тиісті тарауларында өзгеруі болжанған және есептерін бұрын бекітілген ҚЭН-мен салыстыруды келтіре отырып, осы Ережелердің 2-тарауының ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

### **3. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеу тәртібі**

#### **1-параграф. Инвестициялардың экономикалық сараптамасы және экономикалық сараптамасының қорытындысы**

29. Инвестициялардың экономикалық сараптамасы іс-шаралар нәтижелілік және негізділік өлшемдерге сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

30. Инвестицияларға экономикалық сараптама жүргізу үшін Әкімшіден құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ҚЭН-ді немесе т ү з е т і л г е н Қ Э Н - д і :

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын заңды тұлғаларға тапсырады.

31. Инвестициялардың экономикалық сараптамасының нәтижелері Инвестициялардың экономикалық сараптамасының қорытындысы (бұдан әрі - Қорытынды) түрінде ресімделеді.

32. Қорытынды ҚЭН: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген заңды тұлғаға;  
мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті  
атқарушы органдар белгілеген заңды тұлғаға;  
ұсынылғаннан кейін қырық бес жұмыс күні ішінде дайындалады (жарғылық  
капиталының мөлшері ең аз жарғылық капиталын қалыптастыруға  
жоспарланатын Инвестициялардың экономикалық сараптамасы жиырма бес  
жұмыс күнінен аспауы тиіс).

33. Инвестицияларды экономикалық сараптау екі кезеңнен тұрады.

34. Бірінші кезеңде:

- 1) осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкестігіне;
- 2) Инвестициялар Паспортының сәйкестігіне;
- 3) осы Ережелердің 5-18-тармақтарында көрсетілген бөлімдердің,  
тараулардың және параграфтардың болуына;
- 4) осы 19-тармағында көрсетілген құжаттардың болуы. Инвестициялар осы  
Ережелердің 2-тарауының 21-23-тармақтарында көрсетілген жарғылық  
капиталды қалыптастыруға көзделінетін жағдайда, 21-23-тармақтарында  
көрсетілген құжаттардың болуына сараптама жүргізіледі.

Осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес еместігі және (немесе) осы Ережелердің 5-18-тармақтарында көрсетілген бөлімдердің, тараулардың және параграфтардың болмауы және (немесе) осы Ережелердің 19, 21-23-тармақтарында көрсетілген құжаттардың болмауы анықталған жағдайда, сәйкес заңды тұлға төрт жұмыс күні ішінде (екі жұмыс күні ішінде, Инвестициялар ең аз мөлшердегі жарғылық капиталды қалыптастыруға бағытталатын болса) ҚЭН-нің Ережелерге сәйкес еместігінің негіздемесі келтірілген Инвестицияларды экономикалық сараптаудың бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша толымдылық ескертулері (бұдан әрі - Толымдылық ескертулері) бар ілеспе хат дайындайды.

Толымдылық ескертулері бар ілеспе хат ол дайындалған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей Әкімшіге жіберіледі, бұл ретте, олардың сканерленген көшірмесі электрондық пошта арқылы Инвестициялар Паспортында көрсетілген Әкімші мен қатысушылар өкілдерінің электрондық пошта - мекенжайларына жіберіледі.

Инвестицияларды экономикалық сараптаудың бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша Толымдылық ескертулерінің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар осы Ережелердің 36-тармағында келтірілген.

Әкімшілер сканерленген хаттар мен Толымдылық ескертулерінің көшірмелерін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті ақпаратты ұсынады немесе ақпарат ұсыну үшін қосымша мерзімнің, бірақ отыз жұмыс күнінен көп емес, қажеттілігі туралы хабарлайды. Мерзімін ұзарту туралы

хабарламаны Әкімші жазбаша түрде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті  
о р г а н ғ а ж ә н е :

Инвестициялар республикалық бюджет қаражаты есебінен болған жағдайда,  
Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

Инвестициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен болған жағдайда,  
жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаға жібереді.

Хабарламаға құзіретіне ҚЭН дайындау кіретін Әкімшінің құрылымдық  
бөлімшесінің басшысы қол қояды. Хабарламаға айы-күні қойылады және оның  
ш ы ғ ы с н ө м і р і б о л а д ы .

Егер Әкімші қосымша ақпарат ұсыну үшін қосымша мерзімнің қажеттілігі  
туралы хабарлама жіберсе, экономикалық сараптама жүргізу мерзімі  
т о қ т а т ы л а д ы .

Қосымша материалдар ұсынған кезде олардың толық тізбесі көрсетіледі,  
оның ішінде, осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген құрылымға сәйкес ҚЭН  
ұсынылған жағдайда бұрын ұсынылған ҚЭН-нің қайтарып алыну туралы  
к ө р с е т і л е д і .

ҚЭН-нің, қосымша ұсынылған бөлімдері, тараулары, параграфтары мен  
құжаттарының қағаз форматында түпнұсқалары Қазақстан Республикасының  
Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға немесе жергілікті атқарушы органдар  
Инвестициялардың экономикалық сараптамасын өткізу үшін айқындаған заңды  
тұлғаға, электрондық форматта жібергеннен кейін екі жұмыс күнінен  
кешіктірілмей осы Ережелердің 25-тармағының талаптарын сақтай отырып,  
ж і б е р і л е д і .

Белгіленген мерзімде қосымша материалдардың ұсынылмауы ҚЭН-ді  
Қорытындыны жасамай-ақ кері қайтару үшін негіз болып табылады. ҚЭН  
мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға  
сканерленген көшірмелерді ұсынудың белгіленген мерзімі өткеннен кейін үш  
жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хатпен кері қайтарылады.

Құрылымға сәйкес еместігі және (немесе) бөлімдерінің, тарауларының және  
параграфтарының болмауы және (немесе) осы Ережелердің 4-19-тармақтарында  
көзделген құжаттардың болмауы қайта анықталған жағдайда, ҚЭН қосымша  
материалдардың сканерленген көшірмелері алынған күнінен бастап үш жұмыс  
күні ішінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті  
уәкілетті органға, Толымдылық ескерулерді қоса бере отырып, Қорытындыны  
ж а с а м а й - а қ к е р і х а т п е н қ а й т а р ы л а д ы .

35. Екінші кезеңде іс-шаралар өлшемдерге сәйкестігіне сараптама жүргізіледі.

Іс-шаралар бір немесе екі өлшемдерге сәйкес келмеуі анықталған жағдайда,  
Қорытынды және ілеспе хат дайындалады.

Қорытынды дайындалған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін

мерзімде Әкімшіге жіберіледі, бұл ретте, олардың сканерленген көшірмелері электрондық пошта арқылы Инвестициялар Паспортында көрсетілген Әкімші мен қатысушылар өкілдерінің электрондық пошта мекенжайларына жіберіледі.

Әкімші ілеспе хат пен Қорытындының сканерленген көшірмесін алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде (бес жұмыс күні ішінде, Инвестициялар ең аз мөлшердегі жарғылық капиталды қалыптастыруға бағытталатын болса) Қорытындыға ілеспе хатта көрсетілген экономикалық сараптаманы жүргізуге уәкілетті заңды тұлға өкілінің электронды поштасының мекенжайына қосымша материалдарды және соңғы редакциядағы ҚЭН-і, қосымша материалдар ұсыну туралы хабарламалардың сканерленген көшірмелерін жібереді немесе пысықталған ҚЭН ұсыну үшін қосымша мерзімнің, бірақ отыз күнтізбелік күннен көп емес, қажеттілігі туралы хабарлайды.

Мерзімін ұзарту туралы хабарламаны Әкімші жазбаша түрде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және:

Инвестициялар Республикалық бюджет қаражаты есебінен болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлғаға;

Инвестициялар жергілікті бюджет қаражаты есебінен болған жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындаған заңды тұлғаға жібереді.

Егер Әкімші қосымша ақпарат ұсынғанға дейін пысықталған ҚЭН ұсыну үшін қосымша мерзімнің қажеттілігі туралы хабарлама жіберсе, экономикалық сараптама жүргізу мерзімі тоқтатылады.

Хабарламада ұсынылған қосымша материалдардың толық тізбесі көрсетіледі.

Хабарламаға күзіретіне ҚЭН дайындау кіретін Әкімшінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қоюы тиіс. Хабарламаға айы-күні қойылады және оның шығыс нөмірі болады.

Қосымша материалдардың түпнұсқалары олар электрондық форматта ұсынылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қағаз форматында жіберіледі. Қосымша материалдарды ұсыну жөніндегі талаптар осы Ережелердің 25-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес келеді.

Қосымша материалдардың белгіленген мерзімде ұсынылуы берілген ақпаратты есепке алып Қорытынды дайындау үшін негіз болып табылады.

Қосымша материалдардың белгіленген мерзімде ұсынылмауы қолда бар ақпараттың негізінде Қорытынды дайындау үшін негіз болып табылады.

Соңғы редакциядағы ҚЭН-нің көшірмесі және Қорытынды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға сканерленген көшірмелерді ұсынудың белгіленген мерзімдері өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

ҚЭН-ді, тарауларын, бөлімдерін және параграфтарын жана редакцияда енгізген, сондай-ақ ҚЭН-нің мынадай параметрлерін: инвестициялар

паспортындағы деректерін, инвестициялар нәтижелерін, қаржы схемасын, шығыстар мен кірістер сомаларын, нарық тығыздығын, сұраныс көлемін, өндіріс жоспары мен іске асыру жоспарының көрсеткіштерін өзгертетін ақпарат енгізілген жағдайда сараптама өткізу мерзімі Әкімшінің қағаз форматындағы ҚЭН-ге өзгерістер енгізу туралы хатын алған күннен бастап 10 жұмыс күніне дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

36. Инвестицияларды экономикалық сараптаудың бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша, сондай-ақ ҚЭН қаралмай қайтарылған кезде, Толымдылық ескертулері мынадай құрылымға (сәйкессіздіктер айқылданғанда) сәйкес келеді:

«Инвестициялар Паспорты», онда Инвестициялар Паспортында болуы тиіс деректердің анықталған сәйкессіздігі және (немесе) жетіспеушілігі туралы ақпарат келтіріледі;

«ҚЭН», онда бөлімдердің және (немесе) тараулардың және (немесе) параграфтардың болмауы туралы ақпарат келтіріледі;

«Құжаттама», онда осы Ережелердің 19-тармағында көрсетілген құжаттардың болмауы туралы ақпарат келтіріледі.

37. Қорытынды келесі міндетті элементтерді қамтиды:  
тақырыбы;

«Инвестициялар Паспорты» бөлімі;

«Қорытынды» бөлімі;

қойылатын қолдар;

күні;

мекенжайы.

1 - қосымша «Құжаттар»;

2 - қосымша «Негізділік»;

3 - қосымша «Нәтижелілік».

38. Қорытындыда Инвестициялар атауы көрсетілген тақырыбы, сондай-ақ Қорытындыны дайындаған ұйымның атауы бар.

39. «Инвестициялар Паспорты» бөлімі осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес нысанда ресімделеді.

40. «Қорытынды» бөлімі мынадай құрылымға сәйкес келеді:

1) «Негізділік» бөлімі, онда Инвестициялар көлемін растау, соның ішінде жылдар бойынша, немесе растамау туралы ақпарат келтіріледі, сондай-ақ баламалы көздерден қаржыландыру мүмкіндігі бар немесе жоқтығы туралы ақпарат келтіріледі;

2) «Нәтижелілік» бөлімінде Инвестициялардың экономикалық, қаржылық және бюджеттік тиімділігі туралы ақпарат келтіріледі, тікелей және түпкілікті нәтижелерге жету мүмкіндігінің болуы немесе болмауы, сондай-ақ бар болса тиімділік пен сапа көрсеткіштері;

Түсіндіруі бар пікір айтылған жағдайда оның негіздемесінде болған факторларын ашатын басқа да ақпаратпен толықтыруы мүмкін.

41. «Қорытынды» бөлімінде іс-шаралардың өлшемдерге сәйкестігіне қатысты пікір айтылады, сонымен қатар Инвестициялардың расталған көлемі, соның ішінде іс-шаралар және инвестициялық кезеңнің жылдары бөлінісінде келтіріледі

о с ы

о р а й д а :

1) оң қорытынды, егер іс-шаралар өлшемдерге сәйкес келсе;  
2) теріс қорытынды, егер іс-шаралар бір немесе екі өлшемге сәйкес келмесе;  
3) түсіндіруі бар оң қорытынды, егер іс-шаралар өлшемдерге сәйкес келсе, бірақ,

төмендегі тізіммен шектелмей:  
бұрын жасалған Инвестициялармен байланысты тікелей және (немесе) түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмегенде;

бұрын жасалған Инвестициялар бойынша бюджеттік бағдарламада тікелей және (немесе) түпкілікті нәтижелер болған жоқ немесе олар Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінде келтірілген анықтамаларға сәйкес келмегенде ;

бұрын жасалған Инвестицияларға байланысты сапа және (немесе) сандық көрсеткіштерге (егер олар бюджеттік бағдарламада көрсетілсе) қол жеткізілмегенде ;

Инвестициялар Алушының қызметінің үздіксіз мүмкіндігіне күмән келтірілгенде .

Төменде Инвестициялар Алушының қызметінің үздіксіздігіне жеке немесе жиынтығында күмән тудыруы мүмкін оқиғалар мен жағдайлар келтіріледі.

Қаржылық оқиғалар мен жағдайлар:  
ағымдағы міндеттемелердің ағымдағы активтерден артық болуы;  
өтеу мерзімі жақындаған міндеттемелердің болуы, оларды өтеудің немесе қарыз мерзімін ұзарту перспективасы нақты болмаған жағдайда;  
ағымдағы қарыздардың есебінен ұзақ мерзімді активтерді қаржыландыру;  
борышкерлердің өтеу мерзімі өткен талаптарының елеулі сомасының болуы;  
қаржылық есептілікпен ұсынылған, деректермен расталған операциялық қызмет бойынша теріс сальдо;  
қаржылық есептілікпен ұсынылған, деректермен расталған жалпы кіріс және (немесе) шығындардың теріс мағынасы;  
орындалу мерзімі өткен міндеттердің елеулі сомасының болуы;  
өнімдерді жеткізу бойынша шарттардың талаптарын сақтауға қабілетсіздігі.

Операциялық оқиғалар немесе жағдайлар:  
дұрыс ауысымы жоқ басқарушылық персоналдың кетуі;  
негізгі нарықты, франшизаларды, лицензияларды, негізгі жабдықтаушыларды немесе тұтынушыларды жоғалту ;

өнімдер бағаларының төмендеуі немесе өнім берушілердің өніміне бағаны  
а р т т ы р у .

Басқа да оқиғалар немесе жағдайлар:  
пруденциалдық нормативтердің орындалмауы;  
жасасқан шарттарға, соның ішінде қарыздарға, сәйкес белгіленген  
ковенанттардың орындалмауы;  
қатысушылардың қаржы-шаруашылық қызметіне теріс ықпал ететін  
Қазақстан Республикасының заңнама талаптары.

Түсіндіруі бар бар оң қорытында түсіндіруі бар пікір жасауға ықпал еткен  
факторлар сипатталуы керек.

42. Қорытынды оны дайындаған ұйымның басшысымен немесе оған уәкілетті  
тұлғамен бекітіледі және Қорытындыны дайындаған ұйымның  
орындаушысының қолы қойылады.

Қойылған қолдар Қорытындыны дайындаған ұйымның мөрімен  
к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

43. Қорытындыда ҚЭН-нің іс-шаралары жеткілікті және сенімді дәлелдер  
алыну күнінен және оның негізінде өлшемдерге сәйкестілігі туралы пікір  
қалыптасылған күнінен ерте емес дата қойылуы керек.

44. Қорытындының «Құжаттар» 1-қосымшасында мына құжаттардың  
әрқайсысының атауы көрсетіледі:

1) осы Ережелердің 19-тармағында баяндалған талаптарға сәйкес ұсынылған  
құжаттар, сондай-ақ қосымша ұсынылған әр құжаттың атауы;

2) орындаушы сараптама жүргізу барысында басшылыққа алған техникалық  
және технологиялық стандарттары бар нормативтік-құқықтық актісі мен  
нормативтік актінің, сондай-ақ пайдаланған ақпараттық және статистикалық  
материалдардың, шолулар мен басқа да құжаттардың атауы.

45. Қорытындының «Негізділік» 2-қосымшасында негізділік өлшемге  
қатысты пікір жасауға ықпал еткен факторлардың егжей-тегжей баяндалады;

46. Қорытындының «Нәтижелілік» 3-қосымшасында нәтижелілік өлшемге  
қатысты пікір жасауға ықпал еткен факторлардың егжей-тегжей баяндалады.

47. Түзетілген ҚЭН-нің Қорытындысы құрылымы және мазмұны осы  
Ережелердің 3 тарауының 1-параграфының ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

48. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі сәйкес уәкілетті орган түзетілген ҚЭН  
қарайды және олар бойынша осы Ережелерге 10-қосымшаға сәйкес нысан  
бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Түзетілген ҚЭН-нің экономикалық қорытындысы Қорытынды алынған  
күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде дайындалады.

49. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік  
бағдарламалар әкімшілерінің Инвестицияларды жүзеге асыру туралы

ұсыныстарын және олардың ҚЭН-ін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарастырады және олар бойынша осы Ережелерге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық қорытынды дайындайды.

Инвестициялар бойынша экономикалық қорытынды Инвестицияларды жүзеге асырудың экономикалық орындылығы, олардың ел экономикасына әсері мен стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға сәйкестігіне дайындалады.

Республикалық бюджет және жергілікті бюджет қаражаты есебінен Инвестициялардың экономикалық қорытындысы Қорытынды алынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар айқындаған заңды тұлғаның экономикалық сараптамасы негізінде дайындалады.

## **2-параграф. Инвестицияларды іріктеу**

50. Инвестицияларды іріктеу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдармен Инвестициялардың экономикалық қорытындысы негізінде жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінің 156-бабының 4-2 пунктінде қаралған жағдайларды қоспағанда.

51. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру туралы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын және олардың қаржылық-экономикалық негіздемелерін стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды, заңды тұлғаның қаржы шығындары мен кірістерін бағалауды жүзеге асырады және кейіннен тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін олар бойынша экономикалық қорытындылар дайындайды.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 26.07.2013 № 227 бұйрығымен (алғаш жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).**

52. Инвестициялардың оң экономикалық қорытындысы мен тиісті бюджеттік комиссияның оң шешімі негізінде Инвестициялар тиісті бюджет жобасына қосылады.

53. Оң экономикалық қорытындысы мен тиісті бюджеттік комиссияның оң шешімі алған ҚЭН немесе түзетілген ҚЭН Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес Әкімшімен бекітілуі тиіс.

Қаржылық-экономикалық негіздемені  
 әзірлеуіне немесе түзетуіне,  
 сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына  
 мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру  
 жоспарланған бюджеттік инвестицияларды  
 іріктеуіне қойылатын Ережелеріне  
 № 1-қосымша  
 Нысан

## Инвестициялардың паспорты

| ҚЭН атауы  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
|--|-------------------------------------|-------------------|------------------------------|------------------|------|--------|
| ҚЭН бойынша Инвестициялар сомасы, мың теңге            |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Бюджеттік бағдарлама                                   | Әкімшісі                            |                   |                              |                  |      |        |
|  | Нөмірі                              |                   |                              |                  |      |        |
|  | Атауы                               |                   |                              |                  |      |        |
|  | Шығыстардың жалпы сомасы, мың теңге |                   |                              |                  |      |        |
| Іс-шараларды іске асырудың кезеңі және құны, мың теңге |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| № п/п  | Іс-шаралар                          | Құны, барлығы     | оның ішінде, жылдар бойынша: |                  |      |        |
|  |                                     |                   | 20XX                         | 20XX+1           | .... | 20XX+n |
| 1  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| ...  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| N  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Әкімшінің өкілі*                                       |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Тегі   |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Аты  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Әкесінің аты (болған жағдайда)                         |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Мемлекеттік органның атауы                             |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің атауы     |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Лауазымы   |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Мекенжайы  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Байланыс телефоны                                      |                                     | мобильды телефоны |                              | қалалық телефоны |      |        |
|  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Факс   |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Электрондық пошта                                      |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Инвестициялар Алушының өкілі**                         |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Тегі   |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Аты  |                                     |                   |                              |                  |      |        |
| Әкесінің аты (болған жағдайда)                         |                                     |                   |                              |                  |      |        |



|  |     |  |  |  |  |  |  |  |  |
|--|-----|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Тікелей нәтиже<br>(санының<br>көрсеткіштері) | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | N   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Тікелей нәтиже<br>(санының<br>көрсеткіштері) | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | N   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| С а п а<br>көрсеткіші                        | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | N   |  |  |  |  |  |  |  |  |
| Тиімділік<br>көрсеткіші                      | 1.  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | ... |  |  |  |  |  |  |  |  |
|  | N   |  |  |  |  |  |  |  |  |

Қаржылық-экономикалық негіздемені  
әзірлеуіне немесе түзетуіне,  
сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына  
мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру  
жоспарланған бюджеттік инвестицияларды  
іріктеуіне қойылатын Ережелеріне  
№ 3-қосымша  
Нысан

### Қатысушылар туралы ақпарат

| №  | Қатысушылар  |                    |            |                  |         |            |     |
|----|--|--------------------|------------|------------------|---------|------------|-----|
| N  | Қатысушының аты  |                    |            |                  |         |            |     |
| 1  | Мекенжайы  | реквизиттер        | Заңды      | Деректі          |         |            |     |
| 2  |  | индексы            |            |                  |         |            |     |
| 3  |  | облысы             |            |                  |         |            |     |
| 4  |  | қала (поселке)     |            |                  |         |            |     |
| 5  |  | көше (шағын аудан) |            |                  |         |            |     |
| 6  |  | үй                 |            |                  |         |            |     |
| 7  |  | офисы              |            |                  |         |            |     |
| 8  | БИН (бизнес-идентификациялық номері)                                       |                    |            |                  |         |            |     |
| 9  | ҰКЖК идентификациялық коды (Ұйымдар мен кәсіпорындар жалпы классификаторы) |                    |            |                  |         |            |     |
| 10 | ЭҚЖК қызмет түрі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы классификаторы)        |                    |            |                  |         |            |     |
| 11 | құру туралы шешім қабылдаған орган   | құжаттың атауы     | құжаттың № | қабылданған күні |         |            |     |
| 12 |  |                    |            | күн (КК)         | ай (АА) | жыл (ЖЖЖЖ) |     |
| 13 |  |                    |            | ...              | ...     | ...        | ... |

|    |  |   |  |                  |                  |          |              |
|----|--|---|--|------------------|------------------|----------|--------------|
| 14 | Қызмет түрі (Жарлығы бойынша)  |   |  |                  |                  |          |              |
| 15 |  |   |  |                  |                  |          |              |
| 16 |  |   |  |                  |                  |          |              |
| 17 | Д а м у<br>стратегиялық<br>құжаты  | Стратегиялық<br>құжатты бекіткен<br>орган | даму стратегиялық құжат бекіткен құжат |                  |                  |          |              |
| 18 |  |   | атауы                                  | №                | қабылданған күні |          |              |
| 19 |  |   |  |                  | күн (КК)         | ай (АА)  | ж ы л (ЖЖЖЖ) |
| 20 |  |   |  |                  | ....             | ....     | ....         |
| №  | Инвестицияларды Алушы  |   |  |                  |                  |          |              |
| N  | Инвестицияларды Алушының аты   |   |  |                  |                  |          |              |
| 1  | Мекенжайы  | реквизиттер                               | Заңды                                  | Деректі          |                  |          |              |
| 2  |  | индексы                                   |  |                  |                  |          |              |
| 3  |  | Облысы                                    |  |                  |                  |          |              |
| 4  |  | қала (поселке)                            |  |                  |                  |          |              |
| 5  |  | көше (шағын аудан)                        |  |                  |                  |          |              |
| 6  |  | үй  |  |                  |                  |          |              |
| 7  |  | офисы                                     |  |                  |                  |          |              |
| 8  | БИН (бизнес-идентификациялық номері)                                       |   |  |                  |                  |          |              |
| 9  | ҰКЖК идентификациялық коды (Ұйымдар мен кәсіпорындар жалпы классификаторы) |   |  |                  |                  |          |              |
| 10 | ЭҚЖК қызмет түрі (Экономикалық қызмет түрінің жалпы классификаторы)        |   |  |                  |                  |          |              |
| 11 | құру туралы шешім қабылдаған<br>орган                                      | құжаттың атауы                            | құжаттың<br>№                          | қабылданған күні |                  |          |              |
| 12 |  |   |  | күн (КК)         |                  | күн (КК) |              |
| 13 | ....   | ....                                      | ....                                   | ....             | ....             | ....     |              |
| 14 |  |   | ...                                    |                  |                  |          |              |
| 15 | Қызмет түрі (Жарлығы бойынша)  |   | ...                                    |                  |                  |          |              |
| 16 |  |   | ...                                    |                  |                  |          |              |

Қаржылық-экономикалық негіздемені  
әзірлеуіне немесе түзетуіне,  
сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына  
мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру  
жоспарланған бюджеттік инвестицияларды  
іріктеуіне қойылатын Ережелеріне  
№ 4-қосымша  
Нысан

### Сатып алынатын (құрылатын) активтердің құны мен сипаттамасы

| Жоспарланған іс-шаралар | Сатып алынатын (құрылатын) активтердің құны | Сатып алынатын (құрылатын) активтердің сипаттамасы* |
|-------------------------|---|---|
|                         |   |   |





|      |           |  |   |  |  |   |  |
|------|-----------|--|---|--|--|---|--|
| 1.2. | өнім...   |  |   |  |  |   |  |
| 1.3. | өнім...   |  |   |  |  |   |  |
| ...  |           |  |   |  |  |   |  |
| 1.N. | Басқалары |  | X |  |  | X |  |

### КЕСТЕНІҢ ЖАЛҒАСЫ

| Инвестицияларды іске асырғаннан кейінгі сату жылы |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |
|---|-------------------------|---------------------|----------|-------------------------|---------------------|----------|-------------------------|---------------------|----------|-------------------------|---------------------|----------|-------------------------|---------------------|
| 20__ жыл  |                         |                     | 20__ жыл |                         |                     | 20__ жыл |                         |                     | 20__ жыл |                         |                     | 20__ жыл |                         |                     |
| саны  | *сату бағасы, мың теңге | жиынтығы, мың теңге | саны     | *сату бағасы, мың теңге | жиынтығы, мың теңге | саны     | *сату бағасы, мың теңге | жиынтығы, мың теңге | саны     | *сату бағасы, мың теңге | жиынтығы, мың теңге | саны     | *сату бағасы, мың теңге | жиынтығы, мың теңге |
| 9   | 10                      | 11                  | 12       | 13                      | 14                  | 15       | 16                      | 17                  | 18       | 19                      | 20                  | 21       | 22                      | 23                  |
|   |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |
|   |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |
|   |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |
|   |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |
|   |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |          |                         |                     |
|   | X                       |                     |          | X                       |                     |          | X                       |                     |          | X                       |                     |          | X                       |                     |

\* - егер қаржылық қызмет көрсету көрсетілген жағдайда, кредиттік ресурстардың жүзге дейін жинақталған пайыздық ставкасы көрсетіледі, мысалы: 4,56 %

Қаржылық-экономикалық негіздемені әзірлеуіне немесе түзетуіне, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеуіне қойылатын Е р е ж е л е р і н е  
№ 7-қосымша

### Қаржы моделіне қойылатын талаптар

1. Қаржы моделінің функционалдық мүмкіншіліктеріне қойылатын талаптар:
  - 1) қаржы моделі Microsoft Excel форматында (97 немесе одан кейінгі нұсқада) жасалуы керек. Қаржы моделі файлының атауы дайындалған күнін анық көрсетуі қ а ж е т ;
  - 2) қаржы моделінің ешбір бөлігі жасырылған, қорғалған, тосқауыл қойылған немесе қарауға және толықтырулар енгізуге басқа да түрде қол жетпес болмауы

к е р е к ;

3) қаржы моделінің құрылымы түсінікті және қисынды болуы керек. Бастапқы деректер (жорамалдар), қаржы болжамдары және аралық есептер, қаржы болжамдардың нәтижелері дәйекті түрде ұсынуы керек; айтылған элементтер бір-бірінен көзбе-көз бөлініп, бірақ есепті формулармен байланысқан б о л у ы т и і с ;

4) формулалардың құрамындығы есепте пайдаланатын барлық элементтер жорамалдар (бастапқы деректер) қамтитын ұяшықтарға немесе формулаларды қамтитын ұяшықтарға әрекеттегі сілтемелер болуы тиіс. Сыртқы файлдарға ( ҚЭН құрамында ұсынылмаған) сілтемелер болмауы тиіс. Ерекше жағдайларда, осы ережеден шегіну фактілері мен себептері қаржы моделінің сипаттауында к ө р с е т і л е д і ;

5) қаржы моделінде бастапқыда қойылған жорамалдарға өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруі тиіс және сондай өзгерістер енгізілсе қаржы болжамдары автоматты түрде түзетілуі тиіс. Қаржы моделі қаржы болжамдар нәтижелерінің модельдің барлық жорамалдарының (бастапқы деректерінің) өзгерістеріне сезімталдығына талдау жүргізуге мүмкін болатындай құрастырылуы тиіс;

б) егер қаржы моделінде алынған қаржы көрсеткіштері бір немесе одан көп базалық модельге негізделсе, онда бұл базалық модельдер мен қаржы моделі арасындағы динамикалық байланыстарды кез-келген базалық модельге өзгеріс енгізгенде қаржы моделі жаңаратындай орнату керек;

7) қаржы моделі жеткілікті деңгейде нақтыланған болуы тиіс, яғни өнімдердің негізгі түрлері, өңірлер, өндірістік бірліктер, мезгілдер, кірістер және шығындар баптары және т.б. (егер орынды болса) бойынша бөліністерді қамтуы тиіс. Сонымен бірге, қаржы моделі ақпаратты бірлікпен түрде беруі тиіс, нақты айтқанда оның құрамында бір-бірімен өзара байланысқан кірістер мен шығындардың болжамалы есебі, болжамалы баланс, ақша қаражаттар ағымының б о л ж а м а л ы е с е б і б о л у ы т и і с ;

8) болжамалы қаржы есептерінің нысандары және аралық есептер бір-біріне қ а р а м а - қ а ы ш ы б о л м а у ы к е р е к ;

9) қаржы моделі есептер мен үлгілерде біркелкілік және дәйектілік принципіне сай болуы тиіс. Қаржы моделіндегі қаржы көрсеткіштерін ( коэффициенттерін) есептеу формулалары қаржы моделінің барлық бөлшектерге және мезгілдерге өзгеріссіз болуы тиіс;

10) сыртқы файлдардың санын азайту қажет (5 (бестен) артық емес рұқсат). Қаржы моделімен формулалар арқылы байланысқан барлық сыртқы файлдар, сондай-ақ ҚЭН-ің мәтініндегі графиктер, кестелер және диаграммалар құрастырылған сыртқы файлдар қаржы моделіне қосымша ретінде ұсынылуы керек. Сыртқы файлдар мен қаржы моделі арасындағы байланыс және сыртқы

файылдардың арналуы қаржы моделі сипаттауында ашылуы тиіс.

2. Қаржы моделінің бастапқы деректерге (жорамалдарға) қойылатын талаптар :

1) қаржы болжамдарына негіз болған бастапқы деректер (жорамалдар) қаржы моделінің сипаттауында немесе ҚЭН мәтінінде ұсынылуы тиіс;

2) қаржы моделінің бастапқы деректерінің (жорамалдарының) ішінде төменде көрсетілетіндер (олар ҚЭН іс-шараларына қолданылатын болса):

Қаржы болжамаларды құруда пайдаланған негізгі әдістемелік жорамалдар, с о н ы ң і ш і н д е :

ж о б а н ы ң ө м і р м е р з і м і ;

б о л ж а м д ы қ м е р з і м ұ з а қ т ы ғ ы ;

б о л ж а м д ы қ м е р з і м н і ң а л ғ а ш қ ы м о м е н т і ;

болжам қадамы (кем дегенде: инвестициялық кезең үшін – бір тоқсан; операциялық кезең үшін - бір жыл);

ақша ағымдарының түрі (кесімді) және ақша ағымдарының қорытынды в а л ю т а с ы ;

дисконттау мөлшерлемесінің түрі және оны есептеу тәсілі; қорытынды құнны есептеу тәсілі (болжамалық кезеңнен кейінгі болжалды ө с у қ а р қ ы н ы ң к ө р с е т е о т ы р ы п );

б а с қ а д а ө з е к т і ә д і с т е м е л і к ж о р а м а л д а р .

Макроэкономикалық мәліметтер (инфляция, айырбас бағамдарды, нақтылы жалақының өсу және с.с. болжамдары).

Күрделі қаражат жұмсау болжамы.

Сату көлемінің және өндіріс көлемінің (түсімді айқындаушы басқа да сандық ф а к т о р л а р ы н ы ң ) б о л ж а м ы .

Дайын өнімдер/қызметтер бағаларының/тарифтерінің болжамы.

Шығарылатын бірлікке ресурстар шығынының нормасы.

Өзіндік құнына қомақты үлес қосатын шикізат және материалдар және басқа да шығындар бағаларының болжамы, басқа да ауыспалы шығындардың болжамы .

Персоналға байланысты шығындардың болжамы (штат кестесі немесе жалақының жоспарланатын индексациялары мен штат өсуін есепке ала отырып персоналға шығындар бюджеті).

Шартты тұрақты шығындар болжамы.

Контрагенттермен есеп айырысудың шарттары (жеткізушілермен және мердігерлермен, сатып алушылармен, бюджетпен, персоналмен есеп айырысудың мерзімін ұзарту және алдын-ала төлемдер) және/немесе а й н а л ы м д ы л ы қ н о р м а т и в т е р і .

Салық алғышарттары: салық заңнамаға болжалды өзгерістерді есепке алып

әрекеттегі заңнамаға сәйкес төлеуге жататын салық және басқада міндетті төлемдер (баж салығы, міндетті қауіпсіздендіру төлемдері және с.с.) туралы ақпарат (салық, базасы, мөлшерлемесі, төлеу реті).

Есеп саясатының алғышарттары (амортизация, шығындарды капитализациялау, резервтерді жасау, түсімді тану саясаты).

Қаржыландырудың болжамалы құрылымы, қарыз қаржыландырудың шарттары (проценттік мөлшерлемелер, алу және қарызды күту кестесі).

Осы салаға және жоба түріне маңызды басқа да бастапқы деректер мен алғышарттар.

3. Қаржы болжамалардың нәтижелерінің құрамына қойылатын талаптар:

1) қаржы болжамалар Инвестиция Алушы үшін жасалады және басқарушылық есеп үлгіде болады, атап айтқанда: жоба көлемінде салыстырмалы түрде ықшам кейбір баптарды біріктіруге болады;

амортизация бөлек тармақта көрсетіліп және жалпы түсімін есептегенде түсімнен алынбауы керек;

2) болжамалы қаржы есептердің келесі нысандары міндетті түрде ұсынылуы тиіс: ақшалай қаражаттар ағымының болжамалы есебі, кірістер мен шығындардың болжамалы есебі, болжамалы баланс.

Кірістер мен шығындардың болжамалы есебі санау тәсілімен (accrual base) құрастырылуы тиіс және сонымен қатар келесі қаржы көрсеткіштерін қамтуы тиіс: түсім, жалпы пайда, жалпы рентабельдік, EBITDA (амортизация, пайыздар мен салықтар операциялық пайдадан алынғанға дейін), EBIT (пайыздар мен салықтар операциялық пайдадан алынғанға дейін), таза пайда, таза рентабельдік. Егер жобаның салалық немесе басқа ерекшеліктеріне байланысты айтылған көрсеткіштер көрсетілмесе, қаржы моделінің сипаттауында олардың жоқ болу фактісі мен себептерін көрсету қажет.

Ақшалай қаражаттар ағымының болжамалы есебі операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтерінен ақшалай қаражаттар ағымдарын қамтуы тиіс. Пайыздар мен дивидендтер төлеумен және алуымен байланысты ақшалай ағымдар бөлек тармақта көрсетілуі тиіс.

Болжаулы борыш қаржыландыру жағдайда анықтамалы түрде қарызды күтуге дейінгі бос ақшалай қаражаттар ағымдары (CFADS) көрсетілуі тиіс.

Сондай-ақ басқа да есептер ұсынылуы мүмкін.

4. Қаржы болжауларын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар: тек Инвестицияларды Алушының (-мен) өкіміне келіп түскен (жұмсалатын) ақшалай қаражаттар ағымы болжанады; жобамен байланысты, болжамдық кезеңнің алғашқы сәтіне дейін жұмсалған шығындар болжамалы қаржы ағымдарында есептелмейді, бірақ

Инвестицияларды Алушының балансында актив ретінде есептелуі мүмкін; қаржыландыруды тарту кестесі ҚЭН іс-шараларын іске асыру кестесіне байланған болуы тиіс, қаржылық қызметі бойынша ақшалай ағымдары операциялық және инвестициялық қызметтерінің ақшалай қаражаттар ағымдарының негізінде болжамдалады;

несие қаржыландыруды тарту орын алғанда қарызды күту төлемдері болжамдалады (есептелген пайыздардың төлемін кейінге қалдыру мүмкіндігі е с е п к е а л ы н а д ы ) ;

ақшалай қаражаттар ағымдарын олар іске асырылатын (түсімдер және төлемдер жасалатын) валюталарда болжау ұсынылады, және содан кейін олар бір қорытынды валютаға келтіріледі. Ақшалай қаражаттар ағымдарының көбі түсетін валютаны қорытынды валюта ретінде таңдау ұсынылады;

пайыздар мен дивидендтерді алу және төлеуге байланысты ақшалай қаражаттар ағымдар туралы ақпаратты бөлек тармақта ашу қажет;

егер жоба аяқталған кезеңде Инвестицияларды Алушыны немесе инвестициялар объектісін жою жобаланса немесе инвестициялар объектісін пайдаланудан түсетін кірістер мен шығындарды көтеретін құқық басқа жаққа берілсе, айтылған жоюмен немесе құқық беріумен байланысты (сонымен бірге қолданыстағы экология және жер қоймалын пайдалану заңнамалар, сондай-ақ еңбек заңнаманың талаптарына сәйкес) шығын және табыстар Инвестицияларды Алушының ақшалай қаражаттар ағымдарында есепке алынады;

Инвестицияларды Алушының берілген болжамалы жеке және шоғырландырылған қаржылық есебін, сондай-ақ қаржы моделінің жоспарлау ш е г і :

Инвестициялар есебінен сатып алуға жоспарланған активтердің қызметі немесе бірінші күрделі жөндеу мерзіміне дейін;

егер Инвестициялар қаржылық қызмет көрсету үшін айналым қаражаттарды толықтыруға бағытталатын болса - жобаның өтімділік мерзімінен кем болмауы т и і с .

Жобаның өмір мерзімін инвестициялау объектісін құру, кейіннен пайдалану және (егер заңнамаларға немесе қатысушылардың арасындағы шарттарға сәйкес қажет болса) жою немесе инвестициялау объектісін пайдаланудан түсетін кірістер мен пайдаланудан болатын шығындарды көтеретін құқық басқа жаққа беру болжанатын, экономикалық жағынан орынды (жобаның NPV-н ең көп арттыратын), техникалық жағынан іске асырылатын және заң бойынша ұйғарынды етіп анықтауға ұсынылады.

Дисконттау мөлшерлемесі және дисконтталатын ақшалай қаражаттар ағымдары бір типке (жалпы жобаға немесе жеке меншік иелеріне есептелген) және түрге (инфляцияны есептегенде немесе есептемегенде) жатуы тиіс.

Дисконттау мөлшерлемесі ақшалай қаражаттар ағымдары валютасындағыдай валютада көрсетілген инвестициялар үшін қажетті кірістілікті қамтып көрсетуі тиіс.

Жобаның NPV есептегенде барлық ақшалай қаражаттар ағымдары, қорытынды құнды (қорытынды ақшалай қаражаттар ағымы) қосқанда, дисконттау арқылы жобаланған кезеңнің бастауыш мерзіміне келтірілуі тиіс.

5. қаржы көрсеткіштердің (коэффициенттерінің) орнықтылығын бағалау:

1) қаржы көрсеткіштердің (коэффициенттерінің) орнықтылығын бағалау үшін сезімталдықты талдау тәсілі қолданылады - сезімталдықтың басты факторлер өзгерістерінің қаржы көрсеткіштер нәтижелеріне әсер дәрежесін бағалау. Егер сезімталдықты талдау кейбір қауіптерді өлшеуге/көрсетуге мүмкіндік бермесе, басқа тәсілдер, сонымен ішінде зиянсыздық нүктесінің есебі, Монте-Карло тәсілі, сценарлық талдау, факторлық талдау және т.б. қолданылады;

2) сезімталдықтың өзекті факторларына қаржы моделінің жорамалдары (бастапқы деректері) жатады, олардың нақты мағыналары жобаны іске асыру кезінде (оларды нақты бағалау мүмкінсіздігінен немесе оларға сай құбылмалылықтан) қаржы моделіне негізделген мағыналардан айтарлықтай ауып кетуі ықтимал. Атап айтқанда, сезімталдықтың әдеттегі факторларына келесілерді жатқызуда болады:

дайын өнімдер бағасы және қызметтер тарифы; сату көлемі (пайдалану қарқыны, сатып алушылардың/қолданушылардың саны);

күрделі шығындар көлемі; инвестициялау объектісін пайдалануға беруінің және жобалық қуатына шығуының кешігуі;

негізгі шикізат пен материалдардың, жанар майдың, еңбек ресурстардың бағасы;

тұрақты операциялық шығымдар көлемі; дисконттау мөлшерлемесі; инфляцияның болжамалы қарқыны; валюталар айырбас бағамы және т.б.;

3) дисконттау мөлшерлемесінің, өнім бағасының, басты ресурстың бағасының және сату көлемінің өзгерістеріне сезімталдық талдау міндетті ретте өткізілуі қажет.

6. Қаржы моделінің сипаттауына қойылатын талаптар:

1) қаржы моделінің сипаттауы қаржы моделіне қосымша ретінде жасалынады;

2) сипаттауға келесілер қамтылуы тиіс: қаржы моделі құрылымының сипаттамасы;

қаржы моделінде пайдаланылған макростардың жұмыс тетігінің сипаттамасы ( б а р б о л с а ) ;

қаржы болжамалардың басты жорамалдары (алғышарттары) және бастапқы деректері, ақпарат көздерін көрсете отырып, егер олар ҚЭН-де көрсетілмеген б о л с а ;

қаржы көрсеткіштерін (коэффициентерін) есептеу формулалары, егер ҚЭН-де көрсетілмеген б о л с а ;

қаржы моделінің құрылымын, құрастыру принциптерін, жұмыс тетігін және басқа да ерекшеліктерін түсіну үшін қажетті басқа да ақпарат.

Қаржылық-экономикалық негіздемені әзірлеуіне немесе түзетуіне, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеуіне қойылатын Ережелеріне

№ 8-қосымша

Нысан

## Инвестициялар нәтижесі

| Нәтижелері |  | Өлшем бірлігі | Тиімділік көрсеткіші              |          |          |          |          |
|------------|--|---------------|-----------------------------------|----------|----------|----------|----------|
|            |  |               | Инвестицияларды іске асыратын жыл | 20__ жыл | 20__ жыл | 20__ жыл | 20__ жыл |
| 1          | 2  | 3             | 4                                 | 5        | 6        | 7        | 8        |
| № п/п      | Тікелей нәтижесі ( санының көрсеткіштері ) |               |                                   |          |          |          |          |
| 1.         |  |               |                                   |          |          |          |          |
| ...        |  |               |                                   |          |          |          |          |
| N          |  |               |                                   |          |          |          |          |
| № п/п      | Түпкілікті нәтиже ( нәтиженің көрсеткіші ) |               |                                   |          |          |          |          |
| 1.         |  |               |                                   |          |          |          |          |
| ...        |  |               |                                   |          |          |          |          |
| N          |  |               |                                   |          |          |          |          |
| № п/п      | С а п а көрсеткіші                         |               |                                   |          |          |          |          |



|     |  |  |  |  |  |  |  |  |
|-----|--|--|--|--|--|--|--|--|
| 2.2 | ҚЭН іс-шараларын іске асыруына байланысты бюджеттің шығыстары  |  |  |  |  |  |  |  |
| 2.3 | Белгілі бір бағалық саясатты өткізуді және әлеуметтік басымдылықтарды ұстануды қамтамасыз етуге байланысты субсидиялар |  |  |  |  |  |  |  |
| №   | ...  |  |  |  |  |  |  |  |
| 3   | Бюджеттік эффект ( тиісті бюджеттердің таза түсімі)  |  |  |  |  |  |  |  |

Қаржылық-экономикалық негіздемені әзірлеуіне немесе түзетуіне, сондай-ақ заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестицияларды іріктеуіне қойылатын Ережелеріне № 10-қосымша Нысан

**Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланып отырған бюджеттік инвестициялардың экономикалық қорытындысы**

|    |   |                       |                                      |
|----|---|-----------------------|--------------------------------------|
| 1. | «Жалпы мәліметтер» бөлімі   |                       |                                      |
|    | Бюджеттік инвестициялардың атауы  |                       |                                      |
|    | Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы  |                       |                                      |
|    | Бюджеттік бағдарламаның   | нөмірі                |                                      |
|    |   | атауы                 |                                      |
|    | Заңды тұлғаның атауы  | Қатысушылар           |                                      |
|    |   | Инвестицияларды Алушы |                                      |
|    | Іс-шаралар тізбесі  |                       | 1-ші іс-шара                         |
|    |   |                       | 2-ші іс-шара                         |
|    |   |                       | n-ші іс-шара                         |
|    | Іс-шараны іске асырудың кезеңі  |                       | ай, жыл                              |
|    | Бюджеттік инвестициялардың мөлшері, мың, теңге  |                       |                                      |
|    | Стратегиялық бағдарлама құжаттарына сәйкестік   |                       | құжаттың реквизиттеріне нұсқау жасау |
|    | Құжаттама құрамы, соның ішінде экономикалық сараптаманы өткізуге уәкілетті заңды тұлғаның экономикалық сараптамасын қорытындысы |                       |                                      |

|    |                          |              |              |
|----|--------------------------|--------------|--------------|
| 2. | «Нәтижелер» бөлімі       |              |              |
|    | Тікелей нәтиже           |              |              |
|    | Соңғы нәтиже             |              |              |
|    | Сапа көрсеткіштері       |              |              |
|    | Тиімділік көрсеткіштері  |              |              |
| 3. | «Іс-шаралар құны» бөлімі |              |              |
|    | Іс-шаралар құны          | Барлық       |              |
|    |                          | соның ішінде | 1-ші іс-шара |
|    |                          |              | 2-ші іс-шара |
|    |                          |              | n-ші іс-шара |
| 4. | Басқалар                 |              |              |
|    | ...                      |              | ...          |

Қ о р ы т ы н д ы л а р :

(ҚЭН-нің құрылымы мен мазмұны ҚЭН әзірлеу немесе түзету Ережелеріне сайлық, экономикалық орындылығына сәйкес, стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға, сондай-ақ негіздемелік және нәтижелілік өлшем талаптарына сәйкес келетін Инвестицияларға оң экономикалық қорытынды ұ с ы н ы л а д ы .

ҚЭН-нің құрылымы мен мазмұны ҚЭН әзірлеу немесе түзету Ережелеріне сай келмейтін, және (немесе) экономикалық орындылығына сәйкес келмейтін, және (немесе) стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттарға, және (немесе) бір немесе екі өлшем (негіздемелік және нәтижелілік) талаптарына сәйкес келмейтін Инвестицияларға жағымсыз экономикалық қорытынды ұсынылады).